

**№20 мектеп-гимназиясының МИФ департаментінің
«Цифрлы дәуір ғылымдары: Ақыл, Логика, Технология» атты онкүндігіне
анықтама**

2026 жылғы 9–20 ақпан аралығында МИФ департаментінің ұйымдастыруымен өткен «Цифрлы дәуір ғылымдары: Ақыл, Логика, Технология» атты пәндік онкүндік мектеп өміріндегі ең мазмұнды, ең ауқымды әрі ең танымдық іс-шаралардың біріне айналды. Бұл онкүндік – тек пәндік шаралар жиынтығы ғана емес, оқушылардың зияткерлік әлеуетін ашуға, логикалық ойлауын шыңдауға және цифрлық технологияларды саналы меңгертуге бағытталған үлкен ғылыми алаң болды.

Онкүндіктің салтанатты ашылу рәсімі жоғары сынып оқушыларының қатысуымен өтіп, ғылым мен білімге деген қызығушылықты арттыратын рухани серпін берді. Ашылу барысында МИФ пәндерінің қазіргі цифрлы дәуірдегі рөлі айқын көрсетіліп, оқушылар ғылымға жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік алды. Онкүндік барысында математика, физика және информатика пәндері бойынша өткізілген ашық және кіріктірілген сабақтар жаңартылған білім беру мазмұнына сай, заманауи әдіс-тәсілдермен, цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект элементтерін қолдану арқылы жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Сабақтарда оқушылар тек тыңдаушы емес, зерттеуші, талдаушы, дәлелдеуші ролінде көрініп, өз білімдерін тәжірибе жүзінде көрсете білді. Әсіресе тәжірибе, эксперимент және есеп шығару арқылы теория мен практиканың тығыз байланысы дәлелденді.

Онкүндік аясында ұйымдастырылған «IQ-моб», «Құбылыс фокусы», «Мем минуттары», «Сандар әлеміндегі сергіту сәті» сынды көңілді үзілістер мектеп қабырғасын ғылымға толы ерекше атмосфераға бөлеп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырды. Бұл іс-шаралар ғылымның тек күрделі емес, қызықты әрі тартымды екенін дәлелдеді.

Зияткерлік сайыстар мен шығармашылық байқаулар онкүндіктің шоқтығын биіктетті. «MathLand: Әлемі», «IT блогер», «Цифрлық суретші», «Жас бағдарламашы», «Логика және спорт», «Бір құбылыс – бір жоба», «STEM-квест: ойлан, өлше, дәлелде» сияқты іс-шаралар оқушылардың логикалық ойлауын, креативтілігін, зерттеушілік дағдыларын дамытып, командалық жұмысқа баулыды. Әрбір сайыс оқушылар үшін үлкен шабыт көзіне айналып, ғылымға деген сенімін арттырды. Сонымен қатар педагогтерге арналған «Білім берудің жаңа векторы: Жасанды интеллект және цифрлық шешімдер» атты оқу семинары онкүндік мазмұнын жаңа деңгейге көтерді. Бұл семинар мұғалімдердің кәсіби дамуына серпін беріп, білім беру процесінде заманауи технологияларды тиімді қолданудың маңызын айқындады. Ал қалалық деңгейде өткен «МИФ IQ» командалық жарысы мектептің ғылыми беделін арттырып, әріптестер арасында тәжірибе алмасуға кең мүмкіндік жасады.

Онкүндіктің жабылу салтанаты жоғары деңгейде ұйымдастырылып, барлық қатысушыларға рухани көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Белсенді қатысқан оқушылар мен ұстаздар марапатталып, онкүндік өз мәресіне жетті.

Қорытындылай келе, «Цифрлы дәуір ғылымдары: Ақыл, Логика, Технология» атты МИФ пәндік онкүндігі мазмұны терең, құрылымы жүйелі, ұйымдастырылуы жоғары деңгейде өткен тағылымы мол іс-шара болды. Бұл онкүндік оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың логикалық ойлау қабілетін шыңдап, болашаққа сенімді қадам жасауына берік негіз қалады.

**Директордың бейіндік оқыту жұмысы жөніндегі
орынбасарының уақытша м.а**

Бейсенова А.И

Өткізген іс-шаралар бойынша дәлелдемелерді төмендегі сілтемеден қарауға болады.

№	Өткізілетін іс-шара	Мерзімі	Инстаграмм желісінде	Жауапты ұстаздар
1	Онкүндіктің ашылу салтанаты	09.02.26 11:40-11:55	https://www.instagram.com/reel/DUixxeWjHlv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ== https://www.instagram.com/reel/DUiiKZhDBWD/?igsh=bXJhZnY0OWVyMHcx https://www.instagram.com/reel/DUiiUX2DN-W/?igsh=MWxzYWN6NzhmNw1xOQ==	МИФ ДП мүшелері
2	«Функцияның өсу және кему белгілері» Ашық сабақ	09.02.26 09:55-10:40	https://www.instagram.com/reel/DUifORfDG40/?igsh=ZXNkMzkwcHBkdWlv	Калиев Ж.А.
3	«Ондық бөлшектерді натурал сандарға көбейту» Ашық сабақ	10.02.26 10:55-11:40	https://www.instagram.com/reel/DUIN6shiFrj/?igsh=MWs0eDE1anV0ZWUybQ==	Здуалиева А.Б.
4	«Сандар әлеміндегі сергіту сәті» көңілді үзіліс	Апта бойы	https://www.instagram.com/reel/DUpeWcbDHZW/?igsh=MTI3eTFiaTdjNHp3dQ==	Математика пәні мұғалімдері
5	«Мем минуттары» көңілді үзіліс	Апта бойы	https://www.instagram.com/reel/DU3FdBKDBHP/?igsh=cWVqaDhyZHIwM2Ix	Болат С., Аялберген А.Ж
6	«IQ -моб» көңілді үзіліс	Апта бойы	https://www.instagram.com/reel/DU2VfjKDF_B/?igsh=bWNoczQ3eGN0dmp2	Распек А.Н., Ерланұлы М

7	«Құбылыс фокусы» көңілді үзіліс	Апта бойы	https://www.instagram.com/reel/DU7qPI5jOCy/?igsh=MTQxc3kweDlrcHBraQ==	Физика пәні мұғалімдері
8	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «MathLand: Әлемі» зияткерлік сайысы (сыныптан тыс іс-шара)	11.02.2026 14:30-15:15	https://www.instagram.com/reel/DU2VfjKDF_B/?igsh=bWNoczQ3eGN0dmp2	Здуалиева А.Б. Сабырханова К.У. Токимова А.С.
9	«IT блогер» ЖИ байқау	11-12 ақпан	https://www.instagram.com/p/DU3Q0KdDFCO/?igsh=bHh6emd1OWpkeWJ5	Ерланұлы М Калиев Ж.А.
10	«Айналу денелердің ауданы (куб, цилиндр, конус)» Кіріктірілген сабақ	12 ақпан 12:45-13:30	https://www.instagram.com/reel/DUsrnmTDExo/?igsh=MXFzM3pxd3Z0MHk2cw==	Тумархан Р. Болат С.
11	«Білім берудің жаңа векторы: Жасанды интеллект және цифрлық шешімдер» оқу семинары	12.02.2026 16:10-17:00	https://www.instagram.com/reel/DUsqMQ4DJwT/?igsh=NzFuNGl1djI5NTRx	МИФ ДП мүшелері
12	«Квадраттық функция» Ашық сабақ	13.02.26 09:55-10:40	https://www.instagram.com/reel/DUtR2LqDNSx/?igsh=MTFyNGUzcm1vNnU1MA==	Жарқын С.
13	«Цифрлық суретші» байқау	16-18 ақпан	https://www.instagram.com/p/DUz2n2gjAr-/?igsh=MWY3Y3EzbDZ3aDhrcA==	Распек А.Н.
14	«Жас бағдарламашы» сыныптан тыс іс-шара	16.02.26 13:40-14:25	https://www.instagram.com/reel/DU3FdBKDBHP/?igsh=cWVqaDhyZHIwM2Ix	Болат С., Аяпберген А.Ж
15	«Архимед күші» Ашық сабақ	18.02.26 10:55-11:40	https://www.instagram.com/reel/DU_I4chjK6C/?igsh=YjJqaGFIYWF2dzc1	Түрсүнбек А.С.
16	«STEM-квест: ойлан, өлше, дәлелде» сыныптан тыс іс-шара	18.02.26 14:30-15:15	https://www.instagram.com/reel/DU7qPI5jOCy/?igsh=MTQxc3kweDlrcHBraQ==	Түрсүнбек А.С. Булхайрова Н.М.
17	«Логика мен Спорт – мықтыны анықта!»	19.02.2026 13.00-14.00	https://www.instagram.com/reel/DU58fmHjBnV/?igsh=MWQ1b3k4b25sOXgyYg==	Тумархан Р., Жарқын С.
18	Онкүндіктің жабылу салтанаты	20.02.2026 10:40-10:55	https://www.instagram.com/reel/DU-cgCzjPqB/?igsh=cGp4NHVkJZDNxNHZu	МИФ ДП мүшелері
19	«МИФ IQ» қалалық пән муталімлеріне арналған командалық жарыс	20.02.2026 10:00-12:00	https://www.instagram.com/reel/DU-b725jLuy/?igsh=MXFyMnllyeHg2NXFwdg==	№8, №20 мектептер